

*\*Инфрақұрылым*

# СОЗЫЛҒАН ҚҰРЫЛЫС, САРЫЛҒАН ЖҰРТ

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН JAHAPTY БАҒЫТЫНДА БІРҚАТАР ЖОБА ҚОЛҒА АЛЫНҒАНЫМЕН, ОЛАРДЫҢ УАҚЫТЫНДА АЯҚТАЛМАУЫ ТҰРҒЫНДАР НАРАЗЫЛЫҒЫН ТУЫНДАТЫП ОТЫР. ӘСІРЕСЕ «ЖҰЛДЫЗ» ШАҒЫНАУДАНЫ МЕН ҚҰТТЫҒАЙ БАТЫР КӨШЕСІНДЕГІ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ СОЗБАҚҚА САЛЫНУЫ КӨЛІК ЖҰРГІЗУШІЛЕРІ МЕН ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ ТУҒЫЗЫП, ҚОҒАМДЫҚ РЕЗОНАНС ТУҒЫЗДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ЖАНЫНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫ МЕН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТАҒЫ ПАРТИЯ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ ЖОЛ САЛЫП ЖАТҚАН МЕРДІГЕР КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНА РЕЙД ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.

(Толығырақ 3-бетте)



Суреттерді түсірген: Аманжол Кішібай

*\*Табиғатты қорғау*

## Браконьерлерге – бұғалық

ЖАЙЫҚ-КАСПИЙ БАССЕЙІНІНДЕГІ СУ АЙДЫНДАРЫНДА БАЛЫҚ РЕСУРСАРЫН САҚТАУ, БРАКОНЬЕРЛІККЕ ЖОЛ БЕРМЕУ БАҒЫТЫНДА ШАРАЛАР ЖҰРГІЗІЛУДЕ. БАРЛЫҚ ШАРАЛАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ПРОКУРАТУРАСЫ ҚҰРҒАН МОБИЛЬДІ ТОП АЯСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

(Толығырақ 9-бетте)



*\*Әлеуметтік мәселе*

## Пана іздегенге қорған болды

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА ӨМІРЛІК ҚИЫН ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛҒАН ОТБАСЫЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ЖҰРГІЗІЛУДЕ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ ӨҢІРДЕ АТЫРАУ ҚАЛАСЫ МЕН 7 АУДАҢДА ҚҰРЫЛҒАН ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ АЯСЫНДА МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА КЕШЕНДІ ҚОЛДАУ КӨРСЕТПЕ КЕЛЕДІ.

2025 жылдан бері аталған орталықтарға 1500-ге жуық адам хабарласып, екі мыңнан астам қызмет түрі көрсетілді. Олар шағын бизнес ашуға, қайтарымсыз мемлекеттік гранттар алуға, әлеуметтік көмек пен жәрдемақы рәсімдеуге, тұрғын үй алу кезегіне тұруға, балаларды мектеп пен балабақшаға орналастыруға, сондай-ақ психологиялық және заңгерлік кеңес алуға бағытталды. Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар жандармен жеке жұмыс жүргізіліп, медиаторлар арқылы жанжалдарды шешу тетіктері қолданылуда.

– Қиын жағдайдағы отбасыларды анықтау

және оларға тұрақты қолдау көрсету мақсатында білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, ішкі істер және пробация қызметі мамандарынан құралған мобильдік топтар жұмыс істеуде. Халық арасында отбасы саясатын насихаттау үшін әлеуметтік желілерде ақпараттық посттар жарияланып, баспасөз конференциялары мен телесюжеттер ұйымдастырылды, - деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Тілекбабыл Байдошев.

Бек АЙДАРӘЛІ

*\*Мәдениет*

ЕЖЕЛДЕ АТА-БАБАМЫЗ ТОЙДЫ «ҰЛТТЫҚ ТӨРБИЕ БЕСІГІ, ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ» ДЕП БАҒАЛАҒАН. АТТЫҢ ЖАЛЫНДА, ТҮЙЕНІҢ ҚОМЫНДА ТІРЛІК КЕШКЕН ЕЛДІҢ ӘДЕБИЕТІ АУЫЗДА, ӨНЕРІ ӨРЕДЕ ЖҮРІП-АҚ ДАМЫДЫ. АЛ ҚАЗІР ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙ-ЖИЫНЫНА СЫН АЙТУШЫЛАР ДА, МІН АЙТУШЫЛАР ДА ЖЕТЕРЛІК. СОЛАЙ БОЛҒАНЫМЕН ТОЙДАН ТАРТЫНЫП ЖАТҚАН ЕШКІМ ЖОҚ, ТОЙДАҒЫ ДАҢҒАЗАЛЫҚ ПЕН ДАРАҚЫЛЫҚ ЖЫЛ САЙЫН КҮШЕЙІМЕСЕ, БӘСЕНДЕП ЖАТПАҒАНЫ БЕЛГІЛІ.

(Толығырақ 14-15-бетте)

# Тойдағы дарақылық. АРДАН БЕЗГЕН АСАБАЛАР



Қолдануға жеткізілген: Ләззат Мұрашевтің

